

Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумының кейбір қаулыларының күші жойылғандығын тану туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумы 1997 жылғы 17 шілдедегі N 8.

Заңдардағы өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1. "Соттардың тұрғын үй заңдарын қолданудағы кейбір мәселелер туралы" 1985 жылғы 28 маусымдағы, N 4 қаулысы, 1990 жылғы 6-шілдедегі Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумының N 3 қаулысы енгізген өзгертулерімен және толықтыруларымен қоса

2. "Қазақстан Республикасының "Жалдау туралы" Заңын қолдануға

байланысты істер бойынша сот тәжірибесі туралы" 1992 жылғы 24 сәуірдегі N 3 қаулысы.

3. "Бақ өсірушілер серіктестігі қызметімен байланысты дауларды шешу кезінде Қазақ КСР соттарының заңдарды қолдануы туралы" 1991 жылғы 5 сәуірдегі N 3 қаулысы.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Соты
Пленумының хатшысы